

# ҚАЗАҚ АЙТЫСЫНДАҒЫ МАҚАМ ЖҮЙЕСІ: ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ САБАҚТАСТЫҒЫ

Зағипа Иманғазиева<sup>1</sup>, Есім Ғарифолла<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
(Астана, Қазақстан)

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ айтысындағы мақам жүйесі дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы тұрғысынан кешенді түрде қарастырылады. Айтыс – қазақтың ауыз әдебиеті мен музыкалық мәдениетінің бірегей формасы. Мақам жүйесі арқылы айтыс тек поэзиялық ғана емес, музыкалық-құрылымдық ерекшеліктерін де көрсетеді. Сондықтан дәстүрлі мақамдарды зерттеу ұлттық мәдени кодты сақтау және ұрпаққа жеткізу үшін маңызды. Айтыс мақамының көркемдік және музыкалық ерекшеліктерін ашу үшін кешенді *әдіснамалық* тәсіл қолданылды, оның құрамына: тарихи-типологиялық әдіс, салыстырмалы талдау, музыкатанулық талдау, құрылымдық-семантикалық әдіс, орындаушылық талдау және контент-талдау кірді. Зерттеудің *мақсаты* – қазақ айтысындағы мақам жүйесінің көркемдік, музыкалық және поэтикалық ерекшеліктерін зерттеу, дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығын анықтау, сонымен қатар заманауи медиа форматтар мен сахналық орындаудағы трансформациясын көрсету болып табылады. Мақамдық құрылымдардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтау, дәстүрлі негізді сақтай отырып, жаңа медиадағы және сахналық форматтағы өзгерістерді талдау, алынған деректерді жүйелеу, жіктеу және интерпретациялау арқылы айтыс мақамының көркемдік табиғатын толық сипаттау негізгі міндеттері ретінде айқындалды. *Нәтижесінде* айтыс мақамының музыкалық-интонациялық, орындаушылық және көркемдік ерекшеліктері талданып, оның поэтикалық мәтінмен өзара байланысы зерделенді. Зерттеу барысында дәстүрлі айтыс мақамдарының аймақтық және стильдік белгілері анықталып, қазіргі айтыстағы мақамдық трансформация үрдістері сипатталады. Жаңа медианың ықпалы айтыс мақамының сахналық және интонациялық құрылымына әсер ететін маңызды фактор ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижелері айтыс мақамының ұлттық музыкалық кодты сақтаушы және ұлттық бірегейлікті репрезентациялаушы көркем құбылыс екенін

дәлелдейді. Айтыс мақамының дәстүрлі негізді сақтай отырып, заманауи көркемдік формада жаңғыруы айтыс өнерінің мәдени өміршеңдігін қамтамасыз ететін басты шарт ретінде бағаланады.

**Түйін сөздер:** айтыс, мақам, дәстүр, жаңашылдық, ұлттық музыкалық код, орындаушылық өнер, мәдени бірегейлік.

**Дәйексөз үшін:** Зағипа, Иманғазиева және Ғарифолла Есім. “Қазақ айтысындағы мақам жүйесі: дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы”. *Central Asian Journal of Art Studies*, 2026, Т. 11, № 1, 16–32 б. DOI: 10.47940/cajas.v11i1.1162

**Алғыс:** Авторлар «Central Asian Journal of Art Studies» журналының редакциясына және рецензенттерге осы зерттеуге қызығушылық танытқандары үшін, сондай-ақ, мақаланы жариялау барысындағы көмектерін тигізгендеріне өз алғыстарын білдіреді.

*Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.*

## Кіріспе

Қазақ айтысы — ұлттық мәдениет пен рухани дүниетанымның көркем көрінісі ретінде поэзия, музыка және орындаушылық өнерді бір арнаға тоғыстырған синкретті жанр. Айтыс өнерінің көркемдік қуаты тек поэтикалық мәтінмен ғана емес, сонымен қатар мақамдық-интонациялық жүйе арқылы да қалыптасады. Мақам айтыс ақынының эмоциялық күйін, көркем ойлау жүйесін, ұлттық музыкалық кодты және сахналық коммуникацияны жеткізетін маңызды көркемдік құрал болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, айтыс мақамы — қазақтың дәстүрлі музыкалық мәдениетінің ажырамас бөлігі әрі ұлттық бірегейлікті сақтаушы құрал десе болады. Өйткені, қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлік мәселесі ерекше өзектілікке ие. Әлеуметтік трансформация кезеңдерінде этникалық және аймақтық бірегейліктердің күшеюі ұлттық тұтастыққа қауіп төндіреді. Осындай жағдайда дәстүрлі ауызша-перформативтік өнер түрлері ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды мәдени тетігіне айналады (Guanghui және Xiangdong 176). Қазақтың айтыс өнері ұжымдық жадта орныққан ұлттық мәдени

кодты тіл, тарихи жады және символдық мағыналар арқылы жеткізе отырып, ұлттық өзіндік сананы нығайтады. Айтыс импровизацияға негізделген дискурстық форма ретінде ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, этномәдени бірегейліктің үстінен тұратын ұлттық бірегейлікті бекемдейді.

Айтыс тарихына қысқаша шолу жасау арқылы оның бүкіл түркі халықтарына тән ұлттық өнер екенін көреміз. Аталмыш жыр қазақ пен қарақалпақта айтыс, татарда айтышу (uytışu), қырғыз, қарашай-балкарда айтыш, өзбекте айтышув, яр-яр, аския, эзербайжанда дейишме (deyiştme), мейхана (meyxana, meykədə), түрікте атышма (atışma), қырым-ноғайларында дейишмеже, қырым татарларында чин немесе манэ, ноғайларда чин-шинлар, құмықта такмак, сарын, үйғырда мәшрәп, ейттиш (eytiş), түркіменде айдышма, айдышық, чаташма башкұртта әйтеш, айтыш, алтайлықтарда чечеркеешкен аталып, күні бүгінге дейін жеткен өміршең өнер (Жалгасбекова 22).

Ғалымның пікірінше, ұлттық мәдени негізі мен оның қазіргі жағдайы «алға қарай дамуға», мәдени дәстүрлерге, тілге және этникалық символдарға тікелей байланысты (Naurzbayeva және Ibragimov 38). Осы тұрғыда айтыс өнері ұлттық

мәдени кодтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде дәстүр сабақтастығын сақтаумен қатар, заманауи қоғамдық үдерістерге бейімделу мүмкіндігін көрсетеді. Сол арқылы мәдени және ұлттық бірегейлік мәселелері дәстүр мен қазіргі заман проблемалары аспектісінде, айтыс өнерінің қоғамдық-мәдени маңызымен өзара сабақтастықта қарастырылады.

Дәстүрлі айтыс мектебінде мақам жүйесі ауызша орындаушылық дәстүр арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, аймақтық ерекшеліктерге, орындаушылық стильдерге және жеке ақындардың көркемдік қолтаңбасына байланысты дамып отырды. Әрбір ақынның мақамды қолдану тәсілі оның көркемдік даралығын айқындап, айтыс өнеріндегі импровизациялық табиғатты күшейтті. Сонымен бірге, айтыс мақамы тек музыкалық құрылым емес, ол поэтикалық мәтіннің семантикалық тереңдігін арттырып, көрерменмен эмоционалдық байланыс орнатудың негізгі тетігіне айналды.

Қазақтың дәстүрлі музыкалық мәдениетінде мақамдық орындаушылық жүйе жыраулық және айтыс өнерімен тығыз байланысты дамыған. Әсіресе Сыр өңіріндегі жыраулық мектептер қазақтың эпикалық дәстүрінің ғана емес, сонымен қатар, айтыс өнеріндегі мақамдық үлгілердің қалыптасуына да ықпал еткен орындаушылық ортаның бірі болып табылады. Сыр бойында тарихи тұрғыдан бірнеше жыраулық мектеп қалыптасқан. Олардың ішінде Нартай ақын мектебі, Жиенбай жырау мектебі және Нұртуған ақын мектебі ерекше орын алады. Бұл мектептердің әрқайсысы өзіндік орындаушылық мәнері мен интонациялық құрылымымен ерекшеленеді. Аталған дәстүрлі орындаушылық тәжірибе кейінгі кезеңде айтыс ақындарының мақамдық репертуарына да әсер еткен.

Қазіргі кезеңде айтыс өнері тележобалар, интернет платформалар мен әлеуметтік желілер арқылы жаңа медиалық кеңістікке еніп,

орындаушылық формасы мен көркемдік құрылымында елеулі өзгерістерге ұшырауда. Бұл үдеріс айтыс мақамының да трансформациялануына ықпал етіп, дәстүрлі мақамдық үлгілер жаңа музыкалық-интонациялық шешімдермен толықтырылуда. Алайда бұл жаңашылдық дәстүрлі негізден толықтай қол үзбей, керісінше, көркем сабақтастық қағидатына сүйене отырып дамуда.

Қазақ айтысының негізгі музыкалық құралы — ұлттық ерекшелікті айшықтайтын домбыра, оның орындаушылық дәстүрлері халық мәдениетінің мәні мен тарихын жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Айтыс өнеріндегі домбыра орындаушының әлеуметтік контексттері мен мәндері — қонақжайлылық, өзара сыйластық, ру абыройы және тарихи есте сақтау сияқты құндылықтарды сақтауға үлес қосады. Бұл дәстүрлі музыкалық практика қазақ қоғамында ерлік пен ұлтшылдық құндылықтарын нығайтып, мақам жүйесінің сабақтастығын қамтамасыз етеді (Daukeyeva 283).

Ғылыми әдебиеттерде айтыс өнері поэтикалық, тарихи, этнографиялық және мәдениеттанулық тұрғыдан кеңінен зерттелгенімен, айтыс мақамы жүйесі көбіне қосалқы элемент ретінде қарастырылып келеді. Ал айтыс мақамын дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы тұрғысынан кешенді түрде талдау мәселесі әлі де жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Осыған байланысты айтыс мақамының музыкалық, орындаушылық және көркемдік табиғатын тұтастай қарастыру бүгінгі өнертану ғылымындағы өзекті бағыттардың бірі болып табылады.

Бұл зерттеуде қазақ айтысындағы музыкалық орындаушылық ерекшеліктерді талдау барысында «мақам», «интонациялық құрылым» және «ұлттық музыкалық код» ұғымдары негізгі теориялық категориялар ретінде қолданылады. Аталған терминдер айтыс өнеріндегі музыкалық және

мәдени мазмұнды түсіндіруде маңызды әдіснамалық қызмет атқарады. «Мақам» ұғымы дәстүрлі музыкалық мәдениетте белгілі бір әуендік үлгілердің, интонациялық қозғалыстардың және орындаушылық тәсілдердің тұрақты жүйесін білдіреді. Ал, музыкатану ғылымында мақам белгілі бір музыкалық дәстүрдің интонациялық моделін сипаттайтын категория ретінде қарастырылады. Қазақтың ауызша кәсіби музыкалық дәстүрінде мақам жыр, терме, толғау және айтыс сияқты жанрларда кеңінен қолданылады және орындаушының аймақтық мектебі мен орындаушылық тәжірибесіне байланысты өзіндік ерекшелікке ие болады. Осы тұрғыдан алғанда, айтыс мақамы поэтикалық мәтіннің мазмұнын жеткізетін әрі орындаушылық дәстүрді айқындайтын музыкалық интонациялар жүйесі ретінде қарастырылады.

«Интонациялық құрылым» музыкалық шығарманың немесе орындаушылық үлгінің әуендік қозғалысын, дыбыстық өрнектерін және ырғақтық ұйымдасуын сипаттайтын негізгі элементтердің жиынтығын білдіреді. Музыкатануда интонация тек дыбыстық құбылыс ретінде ғана емес, мәдени мағына тасымалдаушы белгілік жүйе ретінде де қарастырылады. Айтыс өнерінде интонациялық құрылым поэтикалық мәтіннің эмоционалдық мазмұнын күшейтіп, тыңдаушыға әсер ететін маңызды көркемдік құрал қызметін атқарады.

«Ұлттық музыкалық код» белгілі бір халықтың тарихи-мәдени тәжірибесінде қалыптасқан музыкалық интонациялар мен орындаушылық дәстүрлердің жиынтығын білдіреді. Мәдени семиотика тұрғысынан музыкалық код ұлттық мәдени жадтың маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Қазақ айтысындағы мақам жүйесі осы ұлттық музыкалық кодтың көрінісі ретінде қарастырылады, өйткені айтыс мақамдары орындаушылық дәстүр арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп,

ұлттық мәдени бірегейлікті сақтаудың маңызды құралына айналады. Осылайша, бұл зерттеу қазақ айтысындағы мақам жүйесін дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы аясында қарастырып, оның көркемдік, музыкалық және мәдени мәнін айқындауға бағытталады. Айтыс мақамының ұлттық музыкалық код ретіндегі маңызын ашу арқылы зерттеу қазақ өнерінің рухани-мәдени құндылықтарын ғылыми тұрғыдан жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді.

## Материалдар және әдістер

Зерттеу жұмысының материалдық базасын қазақ айтыс өнерінің дәстүрлі және заманауи үлгілері құрайды. Негізгі дереккөздер ретінде XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдағы белгілі айтыс ақындарының орындауындағы бейне және аудиожазбалар, айтыс мәтіндерінің жинақтары, сондай-ақ, ғылыми-теориялық еңбектер пайдаланылды. Сонымен қатар, тележобалар аясында ұйымдастырылған айтыстардың бейнематериалдары, интернет платформаларындағы жазбалар қосымша дереккөз ретінде қолданылды. Бұл материалдар айтыс мақамының дәстүрлі және заманауи үлгілерін салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында айтыс мақамдарының өнертанулық салыстырмалы сипаттамасы жасалды. Бұл талдау кезінде отандық зерттеушілердің және халықаралық деңгейдегі дерекқорлардан (соның ішінде Scopus базасындағы мақалалардан) алынған ғылыми мәліметтер негізге алынды.

Айтыс мақамының көркемдік және музыкалық ерекшеліктерін ашу мақсатында кешенді әдіснамалық тәсіл қолданылды: тарихи-типологиялық әдіс, салыстырмалы талдау, музыкатанулық талдау, құрылымдық-семантикалық әдіс, орындаушылық талдау және

контент-талдау. Салыстырмалы талдау әдісі мақамдық ерекшеліктерді өзара салыстыру арқылы олардың орындаушылық айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажыратуға мүмкіндік берді. Музыкатанулық талдау әдісті қолданудың нәтижесінде айтыс мақамдарының интонациялық құрылымын, әуендік өрнектерін және орындаушылық ерекшеліктерін талдау мүмкін болды. Әсіресе, Сыр бойының жыраулық мектептеріне тән мақамдық модельдердің айтыс орындауында қалай қолданылатыны осы әдіс арқылы анықталды. Құрылымдық-семантикалық әдіс айтыс мәтіні мен оның музыкалық құрылымының өзара байланысын зерттеуге қолданылды. Нәтижесінде айтыс мақамының поэтикалық мәтін мазмұнын жеткізудегі рөлі анықталды. Осы және өзге де алынған деректер жүйелеу, жіктеу және интерпретациялау тәсілдері арқылы өңделіп, айтыс мақамының дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы аясындағы көркемдік табиғаты тұтастай сипатталды. Әдістердің кешенді түрде қолданылуы зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігін және тұжырымдарының дәлдігін қамтамасыз етті.

## Талқылау

Айтыс қазақ дәстүрінде психологиялық бейімделу мен әлеуметтік коммуникацияның қуатты құралы ретінде де қызмет атқарған. Вербалды сайыс формасы ретіндегі айтыс әртүрлі әлеуметтік және жас ерекшеліктеріне байланысты топтар арасындағы қарым-қатынаста қалыптасатын дәстүрлі тыйымдардан туындайтын психологиялық ширығуды бәсеңдету функциясын орындайды. Айтыс арқылы адам күнделікті өмірде әлеуметтік нормалар мен шарттылықтарға байланысты ашық айтылмайтын немесе шектелетін сезімдерін, ой-толғамдары мен эмоцияларын еркін жеткізу мүмкіндігіне

ие болады (Айтуарова және Абельтаева 92). Айтыстың «Қайымдасу», «Түре», «Бәдік айтыс», «Қыз бен жігіт», «Қайын мен жеңге», «Шал мен қыз», «Кемпір мен жігіт» түрлері бар және оның көбінесе сөз қағысу үлгілерін көрсетеді. Бұл сөз қағысулар бір шумақ көлеміндегі жауаптасудан, кей жағдайларда үш-төрт кезектен немесе кәдімгі үлкен айтыстарға ұласып отырған (Асанов 292).

Smith (227), Hall (110-121), Assmann (319) және Lotman (288) тұжырымдарына сүйене отырып, айтыс өнерін тек ауызша дәстүр ретінде қарастыру жеткіліксіз екенін байқауға болады. Айтыс ұлттық тарих пен мәдени символдарды, ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдени кодтарды және символдық құрылымдарды біріктіретін ұлттық бірегейліктің күрделі тетігі ретінде қызмет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, айтыс өнері қазақ қоғамында ұлттық сана мен мәдени бірегейліктің қалыптасуы мен сақталуына ықпал ететін маңызды әлеуметтік және мәдени механизм болып табылады.

Зерттеу нәтижелері қазақ айтысындағы мақам жүйесінің дәстүрлі музыкалық негізге сүйене отырып, заманауи орындаушылық тәжірибе арқылы үздіксіз жаңарып отыратын динамикалық құбылыс екенін көрсетті. Айтыс мақамы тек әуендік форма емес, ол поэтикалық мәтіннің мазмұнын тереңдететін, эмоционалдық-экспрессивтік әсерін күшейтетін және орындаушының көркемдік даралығын айқындайтын көпқабатты көркем жүйе ретінде көрініс табады.

Дәстүрлі айтыс мектебінде мақам тұрақты интонациялық құрылымдарға негізделіп, аймақтық ерекшеліктермен сипатталады. Бұл ерекшеліктер мақамның ладтық, ырғақтық және интонациялық құрылымынан айқын байқалады. Дәстүрлі мақамдарда поэтикалық мәтін мен әуен арасындағы табиғи үйлесім сақталып, орындаушылық еркіндік импровизациялық сипатта

жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда, дәстүрлі мақам жүйесі айтыстың ұлттық музыкалық кодының сақтаушысы қызметін атқарады.

Айтыс өнерінің тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қарқынды дамуы оның тек сахналық құбылыс қана емес, ұлттық мәдени кеңістіктегі маңызды коммуникациялық алаңға айналғанын көрсетеді. Республикалық айтыстардың бірнеше күн қатарынан өткізілуі және оған еліміздің әр өңірінен ондаған ақынның қатысуы айтыстың кәсіби деңгейі мен қоғамдық маңызын арттырды. Бұл кезеңде айтыс ұлттық бірегейлікті нығайтатын, тарихи жады мен көркемдік дәстүрді жаңғыртатын негізгі өнер формаларының бірі ретінде қабылданды.

Айтыс өнерінің сол кездегі қоғамдық беделі мен көркемдік ықпалы жөнінде журналист Есет Досалы былай деп атап өтеді: «Таластық тарланбоз Шорабек Айдаровты біз бала күнімізден көгілдір экран арқылы таныдық. Ол кез айтары жоқ, айтыс өнерінің қадірі асып тұрған уақыт еді. Қазіргідей қаптаған телеарналар жоқ. Жалғыз қазақ теледидары. Еліміздің бүкіл тұрғындары сол қазақ теледидарын көреді. Сол көк жәшіктен бірнеше күн бойы берілген республикалық айтыс әлі есімізде. Сол айтыста 70 ақынның арасынан озып шығып, Шорабек Бәтейұлы жүлделі үшінші орынды иеленіп қайтқан болатын» (Досалы).

Бұл пікір айтыстың тәуелсіздік кезеңінің алғашқы жылдарында кең аудиторияны қамтыған ұлттық өнердің негізгі түрі ретінде қалыптасқанын және оның көркемдік әрі әлеуметтік маңызының жоғары болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, бұл кезең айтыс өнерінің кәсіби сахналық дәстүрі мен орындаушылық мәдениетінің тұрақты жүйе ретінде орныққан уақыты ретінде бағалануы мүмкін.

Сонымен қатар, айтыс сахнасында Сыр бойының дәстүрлі мақамдарын сақтап, оны заманауи орындаушылық

тәжірибеде дамытып жүрген ақындардың қатарында Шынберген Сүлейменов ерекше орын алады. Ол тек айтыскер ақын ғана емес, сонымен қатар жыршы және композитор ретінде танылған. Оның шығармашылығында дәстүрлі мақамдар айтыс өнерінің қазіргі формасымен үйлесімді түрде қолданылып келеді. Мысалы, қазіргі айтыс сахнасында Сыр бойының мақамдық дәстүрін жалғастырып жүрген ақындардың қатарында Замадин Ибадуллаев, Махамбетқали Тұрсан, Айдос Рақметов және жас буын өкілдерінің бірі Бексұлтан Орынбасаров бар. Бұл ақындар айтыс барысында Сыр өңіріне тән мақамдық интонацияларды қолдану арқылы ұлттық орындаушылық дәстүрдің сабақтастығын сақтауға үлес қосуда.

Дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы айтыс мақамында қарама-қайшылық емес, көркем сабақтастық ретінде көрініс табады. Дәстүрлі мақамдар жаңашыл орындаушылық интерпретациялар арқылы өміршеңдігін сақтап, жаңа мәдени контексте қайта мәнге ие болуда. Бұл үрдіс айтыс өнерінің тек тарихи мұра емес, қазіргі мәдени кеңістікте белсенді қызмет атқаратын тірі өнер екендігін дәлелдейді.

Қазіргі айтыс тәжірибесінде мақамдық құрылымда бірқатар жаңашыл үрдістер байқалады. Тележобалар мен жаңа медианың ықпалы орындаушылық қарқынның күшеюіне, интонациялық диапазонның кеңеюіне және мақамның сахналық драматургиямен тығыз байланыста қолданылуына әкелді. Кейбір айтыс ақындары дәстүрлі мақамдарды сақтай отырып, оларды жаңа ырғақтық, интонациялық және тембрлік шешімдермен толықтырады. Бұл құбылыс айтыс мақамының тек сақталу емес, сонымен қатар жаңару механизмін де көрсетеді.

Сонымен қатар, айтыс мақамының трансформациясы ұлттық бірегейлік мәселесімен тығыз байланысты. Мақам арқылы жеткізілетін интонациялық

өрнектер қазақтың дәстүрлі музыкалық ойлау жүйесін сақтай отырып, заманауи көрерменнің эстетикалық сұранысына бейімделуде. Осы тұрғыдан алғанда, айтыс мақамы ұлттық мәдени жадтың көркем көрінісі ретінде жаңа мазмұнмен толығып келеді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер айтыс мақамының болашақтағы дамуы дәстүрлі негізден толық қол үзбей, керісінше, сол негізді шығармашылық тұрғыдан қайта жаңғырту арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Бұл жағдай айтыс өнерінің көркемдік тұрақтылығы мен мәдени өміршендігін қамтамасыз ететін басты факторлардың бірі болып табылады.

## Нәтижелер

Зерттеу барысында қазақ айтысындағы мақам жүйесінің құрылымдық, көркемдік және орындаушылық ерекшеліктері дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы тұрғысынан айқындалды. Алынған нәтижелер айтыс мақамының көпқабатты көркем жүйе екенін және оның айтыс өнеріндегі жетекші функционалдық рөлін дәлелдейді. Осылайша, айтыс мақамының негізін дәстүрлі музыкалық-

интонациялық құрылымдар құрайтыны анықталды. Бұл құрылымдар аймақтық орындаушылық мектептерге сәйкес қалыптасып, әр өңірдің музыкалық ладтық, ырғақтық және тембрлік ерекшеліктерін сақтайды. Дәстүрлі мақамдарда поэтикалық мәтін мен әуен арасындағы органикалық бірлік сақталып, айтыс ақынының импровизациялық еркіндігіне кең мүмкіндік береді. Мағына, дыбыс, сөз қайталаулар, сондай-ақ, интонациялық тәсілдер ырғаққа айналуға қабілетті. Жалпы алғанда, ырғақ силлабикалық өлең жүйесінде буын тәртібіне, тоникалық өлең құрылысында екпінге, метрикалық өлеңде созымды және созымсыз буындарға бағынып отырады. Ал ырғақтың өзі уақыт пен кеңістікке, еңбек қимылы мен адамның психофизиологиялық табиғатына, тіл мен музыкаға қатысты поэтикалық тәсіл (Тлеубердина және басқалары 63). Төменде берілген айтыс мақамдарының өнертанулық салыстырмалы сипаттамасы осы аталған ерекшеліктерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді (1 кесте).

Бұл кестеден айтыс мақамының түрлерін, құрылымын, интонациясы мен орындаушылық ерекшеліктерін анық

**Кесте 1. Айтыс мақамдарының өнертанулық салыстырмалы сипаттамасы**

Мақам түрі	Айтыс мектебі	Темп	Әуендік құрылым	Регистр	Орындаушылық сипаты	Көркемдік қызметі
<b>Толғау мақамы</b>	Жетісу (Жамбыл – Сүйінбай)	Баяу-орта	Кең тынысты, созылыңқы фразалар	Орта-төмен	Салмақты, асқақ	Өзін таныстыру, пафосты баяндау
<b>Қайым айтыс мақамы</b>	Батыс, Арқа	Жылдам	Қысқа, үзік интонациялар	Орта	Шапшаң, диалогтық	Әзіл, мысқыл, тіл қағыстыру
<b>Шапшаң суырыпсалма мақам</b>	Барлық аймақ	Өте жылдам	Әуендік секірістер көп	Орта-жоғары	Экспрессивті	Қарсыласты қысымға алу
<b>Терме-толғау мақамы</b>	Арқа, Сыр	Орта	Моноинтонациялық	Орта	Философиялық	Насихат, ойлы баяндау
<b>Жыр үлгісіндегі мақам</b>	Сыр бойы	Орта-баяу	Рецитативтік	Төмен	Салтанатты	Тарихи, эпикалық мазмұн

көруге болады. Айтыс мақамдарының кестедегі салыстырмалы талдауы толғау мақамының айтыс өнеріндегі жетекші көркемдік үлгілердің бірі екенін көрсетеді. Бұл мақам өзге айтыс мақамдарымен салыстырғанда баяу темпі, кең тынысты әуендік құрылымы және пафосты интонациялық өрнегі арқылы ерекшеленеді. Толғау мақамы орындаушының көркемдік бейнесін асқақ пафоспен, салмақты интонациямен және кең музыкалық тыныспен ашуға мүмкіндік береді. Осы ерекшеліктер оны айтыс өнеріндегі тұлғалық сипат қалыптастыратын негізгі мақамдық модельдердің қатарына жатқызуға негіз болады.

Мысалы, Шиелі өңірінде қалыптасқан Нартай ақын мектебі негізінен әндік интонацияға негізделген орындаушылық дәстүрімен ерекшеленеді. Бұл мектептің мақамдары әуендік өрнектерге бай болып келеді және көбіне ән мақамына жақын интонациялық құрылым арқылы орындалады. Мұндай орындау үлгісі жыраулық дәстүр мен әншілік мәдениеттің синтезін көрсетеді. Ал Қармақшы өңіріндегі Жиенбай жырау мектебі жыраулық орындаудың ерекше вокалдық техникасымен сипатталады. Бұл мектепте жыр айту кезінде дыбысты тамаққа салып, «гөй-гөйлету» тәсілі арқылы орындау кең тараған. Мұндай орындау әдісі жырдың эмоционалдық әсерін күшейтіп, тыңдаушыға ерекше акустикалық әсер береді. Одан бөлек, Арал өңіріндегі Нұртуған ақын мектебі мақамдық құрылымының динамикалық және толқын тәрізді қозғалысымен ерекшеленетінін көруге болады. Орындау барысында әуендік қайырымдар бірде күшейіп, бірде бәсеңдеп, толқын тәрізді ырғақтық қозғалыс жасайды. Бұл ерекшелік аймақтың табиғи-географиялық кеңістігімен және жыраулық дәстүрдің тарихи дамуымен байланысты қалыптасқан интонациялық модель ретінде қарастырылады. Арал өңірінің мақамдарын айтыс сахнасында

қолданған ақындардың бірі — Бекұзақ Тәңірбергенов. Ол жыраулық дәстүр мен айтыс өнерін ұштастыра отырып, Арал теңізінің экологиялық мәселесін поэтикалық және музыкалық құралдар арқылы көтерген ақындардың бірі ретінде белгілі.

Айтыс ақындары жыраулық мақамдарды пайдалану арқылы поэтикалық мәтіннің эмоциялық әсерін күшейтіп, ұлттық орындаушылық дәстүрді сақтап келеді. Бұл тұрғыда зерттеудің «Талқылау» бөлімінде аталған тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы беделді айтыскер ақын Шорабек Айдаровтың мына бір шумағына назар аударайық:

*«Жамбылға аты мәлім Шорабекпін,  
Жырымда дауылпаздай болар екпін.  
Әттең-ай домбыраны  
мандытпаймын,  
Не түрін көрсетер ем кереметтің.  
Айтысып талай-талай  
ақындармен,  
Әсия, Нәсілханды орап өттім.  
Әнеу жылы жеңдім де Қонысбайды,  
Қыран құстай үстіне қона кеттім.  
Дегенмен мықтымын деп айта  
алмаймын,  
Әселхан жеңгемізден «сораң»  
еттім».*

Бұл шумақ айтыс өнеріндегі Жамбыл—Сүйінбай мектебіне тән толғау сипатындағы дәстүрлі мақам үлгісіне жатады. Айтыс мақамы поэтикалық мәтінмен үйлесіп, эмоциялық реңкті күшейтеді және көрерменге әсер етеді. Мақамның интонациялық құрылымы асқақ баяндау, өзін таныстыру және қарсыласын сөзбен жеңуге бағытталған пафосты риторикалық интонациямен сипатталады. Неліктен дәл осы мақам тобына жататынын тереңірек түсіндіру мақсатында келесі суретті ұсынамыз (1-сурет).

Суретте берілген өлең құрылымының буындық өлшемі, интонациялық сипаты және орындаушылық дәстүрі негізінде көрсетілген. Бұл белгілер



1 сурет. Айтыс шумағының толғау мақамына жатуын айқындайтын өнертанулық белгілер

мақамдық жіктеудің негізгі өнертанулық критерийлері ретінде қарастырылады.

Қазіргі айтыс тәжірибесінде мақамдық жүйенің жаңаша сипат алғаны байқалды. Телевизиялық формат пен жаңа медианың ықпалы мақамның сахналық драматургиямен тығыз байланыста қолданылуына, интонациялық диапазонның кеңеюіне және орындаушылық қарқынның артуына әсер етті. Бұл өзгерістер мақамның дәстүрлі құрылымын толық жоймай, керісінше, оның көркемдік әлеуетін жаңа деңгейде іске асыруға жағдай жасайды. Айтыс мақамының дәстүрлі және заманауи медиа форматтардағы трансформациясын (2-кесте) салыстыру арқылы жаңа медиа жағдайындағы айтыс өнерінің даму тенденциясын аңғаруға болады.

Кестеден көрініп тұрғандай, медиа құралдары айтыс мақамының сахналық, интонациялық және көркемдік құрылымына әртүрлі әсер етеді. Теледидар дәстүрлі орындаушылықты сақтап, пафосты баяндауды қамтамасыз етеді. YouTube платформасы интонациялық жылдамдық пен интерактивтілікті қосады. Әлеуметтік желілерде қысқа видеолар арқылы жылдам экспрессия мен визуалды әсер күшейеді, алайда кейбір дәстүрлі құрамдас бөліктер қысқарады.

Қазақ айтысындағы мақам жүйесіндегі дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығын

зерттеу барысында айтыс ақындарының жеке орындаушылық стилі бар екенін ескеру маңызды. Бұл олардың мақамды қолдану тәсілінен айқын көрінеді. Әр ақын мақамды өз шығармашылық болмысына сәйкес интерпретациялап, көркемдік қолтаңбасын қалыптастырады. Осы арқылы айтыс мақамы тек ортақ дәстүрдің көрінісі емес, сонымен қатар жеке көркемдік стильдің айнасына айналады. Мысалы, белгілі айтыскер ақын Балғынбек Имашевті алайық. Ол жалпы дәстүрлі мақамды сақтай отырып, оны күлкі мен комедиялық интонациялармен толықтырады. Сонымен қатар, орыс тілінде айтысу тәжірибесі арқылы аудиторияны кеңейтеді және мәдениетаралық коммуникацияны көрсетеді. Бұл мысалдар айтыс мақамының ортақ дәстүрлі құрылымнан жеке көркемдік қолтаңбаға қалай айналатынын көрсетеді.

Заманауи айтыстағы стильдік ерекшеліктерді саралай келе оларды: эпикалық, лирикалық, сыншыл және комбинациялық стиль сияқты бірнеше топқа бөлуге болады. Мысалы, эпикалық стиль көбінесе тарихи оқиғалар, батырлық бейнелер, ұлттық ерліктерді көрсету мақсатында қолданылады. Ал, лирикалық стильдің негізгі өзегі — махаббат, табиғат, әлеуметтік мәселелерге арналған нәзік, сезімтал өрнектерді қамтиды. Сыншыл стиль,

## Кесте 2. Айтыс мақамының дәстүрлі және заманауи медиа форматтарындағы трансформациясы

Өлшемдер	Дәстүрлі теледидарлық айтыс	YouTube	Әлеуметтік желілер (TikTok, Instagram, т.б.)
Ұзақтық / формат	Бірнеше күндік республикалық айтыстар, толық шумақтар	5–15 минуттық бейнежазбалар, үзінділер	30–60 секундтық қысқа видеолар, үзінділер
Темп / ритм	Баяу–орта, классикалық өлшемдер	Орта, кейде шапшаңдау	Жылдам, динамикалық, экспрессия басым
Интонация	Асқақ, пафосты, созылыңқы каденциялар	Көбінесе пафос сақталады, бірақ қысқартылған	Созылыңқы каденциялар қысқарып, экспрессивті
Сахналық бейне	Классикалық орындаушылық, домбыра, дәстүрлі поза	Орындаушы мен көрерменге интерактивті, визуалды эффекттер	Жеке кадрлар, эффекттер, көрерменмен қысқа байланыс
Көркемдік ерекшеліктер	Толғау мақамының дәстүрлі ритмі және құрылымы	Дәстүрлі үлгі және заманауи интонациялық өңдеулер	Экспрессия, визуализация және қысқа форматқа бейімделген пафос
Аудитория әсері	Ұлттық мәдени мұраны сақтау, риторикалық әсер	Кең аудиторияға қолжетімділік, жаңа тыңдаушылар тарту	Жастар аудиториясына тез қабылданатын формат

атауы айтып тұрғандай қарсыласқа өткір сын айту, тапқырлықпен әзілдеу, қоғамдағы кемшіліктерді көрсету мақсатында қолданылады. Комбинация стилі көбінесе ақындар бірнеше стильді біріктіріп, ойын-қалжың, патриоттық және моральдық тақырыптарды қатар қозғаған кезде қолданады. Қазіргі айтыскер ақындардың басым бөлігі түрлендіруі жағынан оңтайлы болуына

байланысты соңғы стильді көбірек қолданатынын көруге болады.

Сонымен қатар, айтыс мақамының трансформациясы ұлттық музыкалық кодтың сақталуымен тікелей байланысты екені дәлелденді. Дәстүрлі интонациялық өрнектер сақтала отырып, олар жаңа көркемдік формада жаңғырып, ұлттық бірегейліктің көркем репрезентациясына қызмет етеді (2 сурет). Сонымен қатар,



2 сурет. Айтыс мақамының трансформациясы мен ұлттық музыкалық код

айтыс дәстүрлі мәдени құбылыс ретінде қазіргі қоғамда өзінің символдық бейнесін сақтай отырып, заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімделе алады, сол арқылы ұлттық кодтың өміршендігін дәлелдейді (Kostsova және Mugzhanova 317).

Осы нәтижелер қазақ айтысындағы мақам жүйесінің дәстүр мен жаңашылдық арасындағы үйлесімді сабақтастыққа негізделген тұрақты көркем модель екенін көрсетеді. Айтыс мақамы тарихи мұра ретінде ғана емес, қазіргі мәдени кеңістікте белсенді дамып жатқан шығармашылық құбылыс ретінде бағаланады.

## Негізгі тұжырымдар

Жоғарыдағы нәтижелерді саралай келе бірнеше тұжырым жасауға болады:

- *Айтыс мақамы – көпқабатты көркем жүйе.* Айтыс мақамы поэтикалық мәтін, орындаушылық стиль және музыкалық-интонациялық құрылым арқылы көркемдік әсерін жеткізетін көпқабатты құрал болып табылады.

- *Дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы.* Дәстүрлі айтыс мақамдары сақтала отырып, қазіргі орындаушылар оны жаңа интонациялық және ырғақтық шешімдермен толықтырады. Бұл үрдіс дәстүр мен жаңашылдық арасындағы гармонияны көрсетеді.

- *Аймақтық және орындаушылық ерекшеліктер.* Мақамның ладтық, ырғақтық және тембрлік құрылымы аймақтық айтыс мектептеріне сәйкес қалыптасып, әр ақынның жеке орындаушылық стилімен ерекшеленеді.

- *Поэтикалық мәтінмен тығыз байланыс.* Мақам поэтикалық мәтіннің эмоциялық реңкін күшейтеді, көрерменмен байланыс орнатады және айтыс мәтінінің семантикалық мағынасын толық ашады.

- *Медиа және заманауи трансформация.* Теледидар, YouTube

және әлеуметтік желілер айтыс мақамының сахналық, интонациялық және көркемдік құрылымын трансформациялауда маңызды фактор болып табылады.

- *Ұлттық музыкалық код және бірегейлік.* Айтыс мақамы ұлттық мәдениеттің бірегейлігін сақтаушы және репрезентациялаушы құрал ретінде қызмет етеді. Дәстүрлі үлгілерді жаңашылдықпен үйлестіру арқылы айтыс өнері мәдени өміршендігін сақтайды.

## Қорытынды

Бұл зерттеу айтыс мақамын дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы тұрғысынан кешенді қарастырып, оның көркемдік, музыкалық және мәдени мәнін тереңірек түсінуге жол ашты. Зерттеу нәтижелері қазақ айтысындағы мақам жүйесінің дәстүрлі музыкалық негізге сүйене отырып, заманауи орындаушылық тәжірибе арқылы үздіксіз дамып келе жатқан көркем құбылыс екенін дәлелдейді. Айтыс мақамы поэтикалық мәтінмен, сахналық орындаушылықпен және ұлттық музыкалық ойлау жүйесімен тығыз байланыста қалыптасқан көпқабатты көркем құрылым ретінде көрініс тапты.

Зерттеу барысында айтыс мақамының аймақтық, орындаушылық және стильдік ерекшеліктері дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы аясында жүйеленді. Дәстүрлі мақамдық үлгілер айтыс өнерінің тарихи жадын сақтай отырып, қазіргі орындаушылық кеңістікте жаңа көркемдік мазмұнмен толығып отырғаны анықталды. Бұл құбылыс айтыс өнерінің мәдени өміршендігін қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі. Сонымен қатар, айтыс мақамының поэтикалық мәтінмен органикалық бірлігі оның көркемдік және семантикалық маңызын арттырады. Мақам көрерменмен эмоциялық байланыс орнатудың, көркем ойды әсерлі жеткізудің және орындаушының шығармашылық

даралығын айқындаудың маңызды құралы ретінде танылды.

Зерттеу нәтижелері айтыс мақамының ұлттық музыкалық кодты сақтаушы және ұлттық бірегейлікті репрезентациялаушы көркем феномен екенін негіздейді. Дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімді сабақтастығы айтыс өнерінің болашақта да мәдени кеңістікте өз маңызын жоғалтпай, жаңаша көркем формаларда дамуына мүмкіндік беретін басты шарт ретінде бағаланды.

Қорытындылай келе, қазақ айтысындағы мақам жүйесін дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы тұрғысынан зерттеу айтыс өнерінің көркемдік табиғатын тануға, ұлттық мәдени мұраны ғылыми тұрғыдан жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу нәтижелері айтыс өнері, қазақ музыкасы және мәдениеттану салаларындағы кейінгі ғылыми ізденістерге теориялық әрі әдіснамалық негіз бола алады.

#### **Авторлардың үлесі:**

**Зағипа Иманғазиева** – зерттеу тақырыбын нақтылау, ғылыми деректерді жинау, әдебиеттерді талдау, зерттеу әдіснамасын әзірлеу, эмпирикалық және теориялық материалдарды жүйелеу, сондай-ақ мақаланың негізгі мәтінін жазу.

**Ғарифолла Есім** – зерттеудің ғылыми тұжырымдамасын қалыптастыруды, теориялық-әдіснамалық бағытын айқындауды, зерттеу нәтижелеріне ғылыми сараптама жасауды, мақаланың мазмұндық сапасын жетілдіруді және қорытынды тұжырымдарды нақтылауды жүзеге асырды.

#### **Вклад авторов:**

**Зағипа Иманғазиева** – уточнение темы исследования, сбор научных данных, анализ литературы, разработку методологии исследования, систематизацию эмпирического и теоретического материала, а также за написание основного текста статьи.

**Ғарифолла Есім** – осуществлял формирование научной концепции исследования, определение теоретико-методологического направления, научную экспертизу результатов исследования, совершенствование содержательного качества статьи и уточнение итоговых выводов.

#### **Authors' Contributions:**

**Zagipa Imangaziyeva** – refinement of the research topic, collection of scientific data, literature analysis, development of the research methodology, systematization of empirical and theoretical material, as well as writing the main text of the article.

**Garifolla Yessim** – carried out the development of the scientific concept of the research, determination of the theoretical and methodological direction, scientific evaluation of the research results, improvement of the substantive quality of the article, and clarification of the final conclusions.

## Деректер тізімі

- Айтуарова, Ажар и Жанель Абельтаева. «О некоторых аспектах взаимодействия этнопсихологии и музыкальной этнологии (на примере казахской традиционной музыки)». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 9, № 4, 2024 г., с. 88–100, <https://doi.org/10.47940/cajas.v9i4.946>
- Асанов, Қойлыбай. *Айтыс өнерінің публицистикалық сипаты*. 2010. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмыс. Алматы, 292 б.
- Досалы Есет. Айтыстағы мақамы бөлек Айдаров. *Gumir-darya.kz*, 30 қыркүйек 2025 жыл, URL: <https://gumir-darya.kz/qogam/42693-ajtystay-maamy-blek-ajdarov.html> Қарастырылған күні: 29.11.2025.
- Жалгасбаева, Канагат. *Түркі халықтар айтысының трансформациялануы*. 2024. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмыс. Алматы, 154 б.
- Тлеубердина, Гүлден, және басқалар. “Қазіргі айтыс мақамы (Б. Әлімжанов айтыстары негізінде)”. *Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series*, 2023, (2), 61–70 б. <https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/article/view/203>
- Assmann, Jan. *Cultural Memory and Early Civilization: Writing, Remembrance, and Political Imagination*. Cambridge: Cambridge University Press. XII, 2011.
- Guanghui, Zhou & Xiangdong, Liu. National Identity Crisis in Developing Countries in the Global Age and Its Causes. *Social Sciences in China*, 35(2), 2014, с. 174–188. <https://doi.org/10.1080/02529203.2014.900891>
- Daukeyeva, Saida. Gender in Kazakh *dombyra* performance. *Ethnomusicology Forum*, 25(3), 2016, с. 283–305. <https://doi.org/10.1080/17411912.2016.1236697>
- Hall, Stuart. “Cultural Identity and Diaspora. In P. Mongia (Ed.)” London: Arnold. *Contemporary Postcolonial Theory*, 1996, pp. 110–121.
- Kostsova Alexandra, & Mugzhanova Gulnar. “The phenomenon of the kazakh folk costume, through the prism of the variety of functional and semantic loads.” *Central Asian Journal of Art Studies*, 10(3), 2025, pp. 305–319. <https://doi.org/10.47940/cajas.v10i3.1055>
- Lotman, Yuri. *Universe of the Mind: A Semiotic Theory of Culture* (A. Shukman, Trans.). Bloomington: Indiana University Press, 1990.
- Naurzbayeva Almira, & Ibragimov Aman. “Contemporary Kazakh Crafts in the Focus of Ethno-Symbolism: Methodological Aspects.” *Central Asian Journal of Art Studies*, 7(2), 2022, 28–40. <https://doi.org/10.47940/cajas.v7i2.575>
- Smith, Antony. D. *National Identity*. London: Penguin. 1991, ix, 227 p.

## References

- Aituarova Azhar, and Abeltayeva Zhanel. "O nekotorykh aspektakh vzaimodeystviya etnopsikhologii i muzykalnoy etnologii (na primere kazakhskoy traditsionnoy muzyki)" ["On Some Aspects of the Interaction of Ethnopsychology and Musical Ethnology (using the Example of Kazakh Traditional music)."] *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 9, № 4, 2024, pp. 88–100, <https://doi.org/10.47940/cajas.v9i4.946> (In Russian)
- Asanov, Qoilybai. *Aitys öneriniñ publitsistikalyq sypaty [The Publicistic Nature of Aitys Art]*. Doctoral Dissertation in Philology. Almaty, 2010. 292 pp. (In Kazakh)
- Assmann, Jan. *Cultural Memory and Early Civilization: Writing, Remembrance, and Political Imagination*. Cambridge: Cambridge University Press, 2011, XII.
- Guanghui, Zhou & Xiangdong, Liu. "National Identity Crisis in Developing Countries in the Global Age and Its Causes." *Social Sciences in China*, 35(2), 2014, pp. 174–188. <https://doi.org/10.1080/02529203.2014.900891>
- Dosaly, Eset. "Aytystagy makamy boleک Aydarov" ["Aydarov: A Unique Makam in Aitys"]. *Gumir-darya.kz*, 30 September 2025, URL: <https://gumir-darya.kz/qogam/42693-ajtystay-maamy-blek-ajdarov.html>. Accessed: 29.11.2025. (In Kazakh)
- Daukeyeva, Saida. "Gender in Kazakh *dombyra* performance." *Ethnomusicology Forum*, 25(3), 2016, pp. 283–305. <https://doi.org/10.1080/17411912.2016.1236697>
- Hall, Stuart. "Cultural Identity and Diaspora. In P. Mongia (Ed.)." London: Arnold. *Contemporary Postcolonial Theory*, 1996, pp. 110–121.
- Kostsova, Alexandra, & Mugzhanova Gulnar. "The phenomenon of the kazakh folk costume, through the prism of the variety of functional and semantic loads." *Central Asian Journal of Art Studies*, 10(3), 2025, pp. 305–319. <https://doi.org/10.47940/cajas.v10i3.1055>
- Lotman, Yuri. *Universe of the Mind: A Semiotic Theory of Culture (A. Shukman, Trans.)*. Bloomington: Indiana University Press, 1990.
- Naurzabayeva Almira, & Ibragimov Aman. "Contemporary Kazakh Crafts in the Focus of Ethno-Symbolism: Methodological Aspects." *Central Asian Journal of Art Studies*, 7(2), 2022, 28–40. <https://doi.org/10.47940/cajas.v7i2.575>
- Smith, Antony. D. *National Identity*. London: Penguin. 1991.
- Tleuberdina, Gulden, et al. "Kazirgi aytys makamy (B. Alimzhanov aytystary negizinde)" ["Modern Aitys Makam (Based on B. Alimzhanov's Aitys)."] *Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series*, no. 2, 2023, pp. 61–70. <https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/article/view/203>. (In Kazakh)
- Zhalgasbayeva, Kanagat. *Türki khalyqtar aytysynyñ transformatsiyalanuy [The Transformation of Aitys among Turkic Peoples]*. Doctoral dissertation, Almaty, 2024. 154 pp. (In Kazakh)

**Имангазиева Загипа, Есім Ғарифолла**

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)

**СИСТЕМА МАКАМОВ В КАЗАХСКОМ АЙТЫСЕ: ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ТРАДИЦИЙ И НОВАТОРСТВО**

**Аннотация.** В статье всесторонне рассматривается система макамов в казахском айтысе с позиции преемственности традиций и новаторства. Айтыс является уникальной формой казахской устной литературы и музыкально-структурные особенности. Через систему макамов айтыс проявляет не только поэтические, но и музыкально-структурные особенности. Поэтому изучение традиционных макамов важно для сохранения национального культурного кода и передачи его будущим поколениям. Для выявления художественных и музыкальных особенностей макамов айтыса применялся комплексный методологический подход, включающий историко-типологический анализ, сравнительный анализ, музыковедческий анализ, структурно-семантический анализ, исполнительский анализ и контент-анализ. *Цель* исследования – изучить художественные, музыкальные и поэтические характеристики системы макамов в казахском айтысе, определить преемственность традиций и новаторства, а также проанализировать трансформацию макамов в современных медиаматериалах и сценических выступлениях. Основные *задачи* включают выявление различий и сходств в макамовых структурах, анализ изменений в современных медиа и сценических форматах при сохранении традиционных основ, систематизацию, классификацию и интерпретацию данных для полного описания художественной природы макамов айтыса. В результате были проанализированы музыкально-интонационные, исполнительские и художественные особенности макамов, исследовано их взаимодействие с поэтическим текстом. Определены региональные и стилевые особенности традиционных макамов, описаны тенденции трансформации макамов в современном айтысе. Влияние новых медиа на сценическую и интонационную структуру макамов рассматривается как важный фактор. *Результаты* исследования демонстрируют, что макам айтыса сохраняет национальный музыкальный код и репрезентирует национальную идентичность. Сохранение традиционных основ при обновлении в современной художественной форме считается ключевым условием культурной жизнеспособности айтыса.

**Ключевые слова:** айтыс, макам, традиция, новаторство, национальный музыкальный код, исполнительское искусство, культурная идентичность.

**Для цитирования:** Имангазиева, Загипа, и Есім Ғарифолла. «Система макамов в казахском айтысе: преемственность традиций и новаторство». *Central Asian Journal of Art Studies*, 2026, Т. 11, № 1, сс. 16-32. DOI: 10.47940/cajas.v11i1.1162

**Благодарности:** Авторы выражают свою благодарность редакции журнала «Central Asian Journal of Art Studies» и рецензентам за проявленный интерес, а также за помощь в подготовке данной статьи к публикации.

*Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.*

Imangaziyeva Zagipa, Yessim Garifolla

L. N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)

## THE MAQAM SYSTEM IN KAZAKH AITYS: CONTINUITY OF TRADITION AND INNOVATION

**Abstract.** This article provides a comprehensive study of the maqam system in Kazakh aitys in the context of the continuity between tradition and innovation. Aitys is a unique form of Kazakh oral literature and musical culture. Through the maqam system, aitys demonstrates not only poetic but also musical-structural features. Therefore, studying traditional maqams is important for preserving the national cultural code and transmitting it to future generations. To reveal the artistic and musical features of aitys maqams, a comprehensive methodological approach was applied, including historical-typological analysis, comparative analysis, musicological analysis, structural-semantic analysis, performance analysis, and content analysis. The *aim* of this study is to examine the artistic, musical, and poetic characteristics of the maqam system in Kazakh aitys, identify the continuity between tradition and innovation, and analyze its transformation in modern media formats and stage performances. The *main tasks* include identifying differences and similarities in maqam structures, analyzing changes in contemporary media and stage formats while preserving traditional foundations, and systematically processing, classifying, and interpreting data to fully describe the artistic nature of aitys maqams. As a *result*, the musical-intonational, performance, and artistic features of aitys maqams were analyzed, and their interaction with poetic text was examined. Regional and stylistic features of traditional aitys maqams were identified, and the trends of maqam transformation in contemporary aitys were described. The influence of new media on the stage and intonational structure of aitys maqams is considered an important factor. The findings demonstrate that aitys maqams preserve the national musical code and represent national identity. Maintaining traditional foundations while renewing in a contemporary artistic form is considered essential for the cultural vitality of aitys.

**Keywords:** aitys, maqam, tradition, innovation, national musical code, performing art, cultural identity.

**Citation:** Imangaziyeva Zagipa, Yessim Garifolla. "The Maqam System in Kazakh Aitys: Continuity of Tradition and Innovation." *Central Asian Journal of Art Studies*, 2026, Vol. 11, № 1, pp. 16–32. (in Kazakh). DOI: 10.47940/cajas.v11i1.1162

**Acknowledgments:** The authors express their gratitude to the editors of the «Central Asian Journal of Art Studies» for the help in preparing the article for publication, as well as to anonymous reviewers for their attention and interest to the study.

*The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.*

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Зағипа Имангазиева** –  
Философия кафедрасының  
докторанты, Л.Н. Гумилев  
атындағы Еуразия ұлттық  
университеті  
(Астана, Қазақстан)

**Ғарифолла Есім** –  
Философия ғылымдарының  
докторы, профессор,  
академик. Қазақстан Ғылым  
Академиясының корреспондент  
мүшесі, Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті  
(Астана, Қазақстан)

**Сведения об авторах:**

**Зағипа Имангазиева** –  
докторант кафедры философии,  
Евразийский национальный  
университет имени Л.Н.  
Гумилева  
(Астана, Казахстан)

ORCID ID: 0009-0004-2396-6462  
E-mail: zagipa.imangaziyeva@yahoo.com

**Ғарифолла Есім** – доктор  
философских наук, профессор,  
академик. Корреспондент-  
член национальной академии  
наук Казахстана, Евразийский  
национальный университет  
имени Л.Н. Гумилева  
(Астана, Казахстан)

ORCID ID: 0000-0003-4001-9235  
E-mail: garifollaesim@mail.ru

**Information about the authors:**

**Zagipa Imangaziyeva** – PhD  
student at the Department of  
Philosophy, L.N. Gumilyov  
Eurasian National University  
(Astana, Kazakhstan)

**Garifolla Yessim** – Doctor  
of Philosophy, Professor,  
Academician. Corresponding  
Member of the National Academy  
of Sciences of Kazakhstan,. L.N.  
Gumilyov Eurasian National  
University  
(Astana, Kazakhstan)